

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған
«Туған жерім» балалар суреттерінің республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған «Туған жерім» балалар суреттерінің республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балаларға патриоттық және эстетикалық тәрбие беру, өскелең ұрпақты Қазақстан халқының мәдени және рухани құндылықтарына араластыру, білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

Міндеттері:

- туған елдің тарихы мен мәдениетін оқуға деген қызығушылықтарын арттыру;

- өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу;

- халықтың, мемлекеттің, қоғам мен отбасының ынтымақтастығын сақтау және қағидаларын нығайту;

- қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарынды балаларды анықтау және қолдау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 8 қазан мен 11 желтоқсан** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 8 желтоқсанға** дейін **rumcdok.konkurs@mail.ru** электронды поштасына қабылданады. Анықтама телефоны: 8(7172)249306, көркем-эстетикалық бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2015 жылғы 8 желтоқсанның** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП: 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК. Төлемақы аталуы: «**Туған жерім**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **rumcdo.konkurs@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылғы 11 желтоқсанда **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

11. Байқауға білім беру ұйымдарының 4-18 жас аралығындағы білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

- 1) кіші жас санаты: 4-6 жас;
- 2) кіші жас санаты: 7-9 жас;
- 3) орта жас санаты: 10-12 жас;
- 4) орта жас санаты: 13-15 жас;
- 5) жоғарғы жас санаты: 16-18 жас.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) көркемсурет;
- 2) сызба өнері;
- 3) компьютерлік сызба өнері.

13. Ұсынылатын тақырыптар:

- 1) «Ата қоныс – алтын мекен»;
- 2) «Мәңгілік Ел - болашағы біртұтас ұлт»;
- 3) «Қазақстанның өткеніне саяхат»;
- 4) «Қазақ халқының дәстүрі мен салттары».

14. Ресімдеуге қойылатын талаптар: Байқауға кез-келген техниканы (фломастер, гуашь, акварель, бор, балауыз боры, тушь, пастель, қарындаш, және т.б.) пайдаланып салынған суреттердің фотолары (фото немесе

сканерленген жұмыстар) қабылданады. Сонымен қатар, графикалық редакторларда (Adobe Photoshop, Paint және т.б.) жасалған жұмыстар қабылданады. Жұмыстың форматы - А4, паспартусыз.

Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жұмыстың аталуы, номинациясы, қатысушының аты-жөні, жас мөлшері, e-mail, байланыс телефоны, жетекшінің толық аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, облыс, қала, аудан, ауыл.

15. Байқауға әр автордан бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

16. Байқауды бағалау өлшемдері:

- байқаудың тақырыбына сәйкестігі;
- суреттің сапасы, орындау шеберлігі;
- шығармашылық жұмысты орындаудағы өзіндік ерекшелігі, бояудың ашықтығы мен анықтылығы;
- жұмыстың эстетикалық ресімделуі;
- жасына сай болуы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтында орналастырылады.